



Су кадастры

Орындаған:
Бәкілбек Айгүл



Жоспар

- 1. Су ресурстары*
- 2. Қазақстан Республикасының
“Су кодексі”*
- 3. Су кадастрын құрастыру
принциптері*



Табиғи ресурстар таусылмайды дейтін көрінер көзге аңғал ұғымның мәні қалмай барады. Су планетамызда айырықша орын алатын ресурс болып табылады. Су – біртұтас кешен ретінде болатын табиғи ресурс. Табиғи ресурстың бұл түрі мыналарға арналған.

- адамзаттың, хайуанаттар мен өсімдіктер әлемінің өмірлік қажеттіліктерін өтеуге;
- өндірістік – шаруашылық қажеттіліктеріне;
- гидротасымалдау және кемелермен жүкті тасуға;
- өзіндік ерекшелігі бар технологиялық процестерді қамтамасыз етуге.

СУ КАДАСТРЫ

мемлекеттік су ресурстары туралы
мәліметтердің жүйеленген жинағы.

1993 жылдан бастап Қазақстан
Республикасының “Су кодексіне” сәйкес суды
мемлекеттік есепке алу және оны пайдалануды
жоспарлау енгізілді.

“Қазгидромет” пен Қазақ қоршаған орта мен
климат мониторингі (қазіргі Қазақ экология
және климат) ғылыми-зерттеу институты
жасаған

Су кадастры 3 сериядан тұрады.

1. “Гидрологиялық зерттеулер”

*2. “Негізгі гидрологиялық
сипаттамалар”*

3. “Жер үсті су ресурстары”

Гидрологиялық зерттеулер



*Өзендер олардың
деңгейі туралы
мәліметтер*

*Су қоймалары
туралы
мәліметтер*

Негізгі гидрологиялық сипаттамалар



*өзен, көл, бөгендер
жүргілерінің іс жүзіндегі
байқау материалдары
бойынша жылдық және
орташа сипаттамалары*

Жер үсті су ресурстары




*су көздерінің жүргілері
жөніндегі қолда бар
деректердің ғылыми
қорытындылау
нәтижелері*

Су кадастрына 80000
өзен мен 40000 көл
туралы мәліметтер
енген.



Су ресурстарының құрылымы

Республикамызда 8643 тұрақты және уақытша су ағыстары белгілі. Олардың жалпы ұзындығы 123-мың км. Қазақстанның өзендерінің ерекшелігі олардың біртекті таралуында. Жер бетіндегі су қорына әсіресе, Орталық және Батыс Қазақстан кедей. Республикамыздың бүкіл жазық территориялары сирек өзен торымен сипатталады. Шөлейт және шөлді аудардарда өзендер жоқ деуге болады. Қалың өзен торы таулы және тау етегіндегі аудардарында түзілген.



Қазақстанның жер бетіндегі су ресурстары 100.5 км³, олардың ішінде тек 56.5 км³ ғана республика аумағында құралады, қалған көлемі Орталық Азия мемлекеттерінен, Ресей Федерациясы мен Қытайдан келіп түседі. Өзен ағынының көлемі бойынша Қазақстан ғаламшардағы сумен неғұрлым аз қамтамасыз етілген елдердің қатарына жатады. Қажетті су тұтыну көлемі 54.5 км³, ал сулылығы орташа жылдағы шаруашылықта пайдаланылуы мүмкін қолда бар көлемі 46.0 км³-ден аспайды. Қуаңшылық жылдары су ресурстарының жалпы көлемі 58 км³-ке дейін, ал қолда бары тиісінше 26 км³-ке дейін азаяды. Қайтымды сулар көлемі - 4.0 км³-ке жуықты құрайды, су көздеріне қайтарылатыны - 2.0 км³-ден аспайды, қалған ағыны сіңіп кетеді немесе құрдымға кетеді. Қайтымды сулар табиғи сулар мен қоршаған ортаны ластаудың негізгі көзі болып табылады, оларды кәдеге жарату мен тазарту әзірге шешімін тапқан жоқ.

Өзеннің су шығыны дегеніміз өзеннің су қимасынан бір секунд ішінде ағып өтетін су мөлшері. Әдетте су шығыны секундына ағып өтетін текше метр ($\text{м}^3/\text{сек}$) есебімен өлшенеді. Қазақстанның ең мол сулы өзені Ертістің көп жылдық орташа су шығыны $880 \text{ м}^3/\text{сек}$, Сырдарияда $703 \text{ м}^3/\text{сек}$. Өзеннің жыл бойындағы ағып шыққан су шығынын жылдық ағын деп атайды. Мысалы, Ертістің жылдық ағыны 28 млрд м^3 . Су ағыны жер беті суларының қорларын анықтайды. Ағын республика аумағы бойынша өте әркелкі тараған, беткі ағынының мөлшері 59 км^3 .



Су қоймалары мен су ағыстары еркін жер бетінің кез келген шартты жазық бетке немесе теңіз деңгейіне қарағандағы биіктігі су деңгейі деп аталады.. Биіктігі өзгермейтін бұл жазықтықты гидрологиялық бекеттің “О” графигі деп атайды. Өзеннің Су деңгейінің ауытқуы, негізінен су шығынының өзгеруі мен арнаның жуылып-шайылуынан, бөгендердің деңгей тірегіне байланысты. Ал су қоймаларында – су теңдестігі элементтерінің өзгеруінен, желқума-желбөгеттік, т.б. құбылыстардан қалыптасады. Су деңгейінің жыл ішінде құбылуы климаттық жағдайларға тәуелді және көлдерде бірнеше см-ден 2 – 3 м-ге дейін, ірі өзендерде 5 – 15 м-ге дейін өзгереді.



Су кадастрының материалдары
шаруашылығын жоспарлауда,
жобалауда, мелиорациялық
шаралар жүргізуде, су сапасын
болжауда, халық шаруашылығы
салалары мен жеке кәсіпорындар
арасында су үлестіру кезінде
кеңінен пайдаланылады.

Назарларыңызға рахмет!

